

Әзірбайжан Республикасында, Армения Республикасында Беларусь Республикасында, Грузия Республикасында, Қырғызстан Республикасында, Молдова Республикасында, Түркменстанда, Өзбекстан Республикасында, Украинада Қазақстан Республикасының Елшіліктерін ашу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 9 қаңтардағы N 1057

Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Грузия Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Молдова Республикасы, Түркменстан, Өзбекстан Республикасы, Украина арасында дипломатиялық қатынастардың орнатылуына байланысты қаулы етемін:

1. Әзірбайжан Республикасында, Армения Республикасында, Беларусь Республикасында, Грузия Республикасында, Қырғызстан Республикасында, Молдова Республикасында, Түркменстанда, Өзбекстан Республикасында, Украинада Қазақстан Республикасының Елшіліктері ашылсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Әзірбайжан

Республикасындағы, Армения Республикасындағы, Беларусь Республикасындағы, Грузия Республикасындағы, Қырғызстан Республикасындағы, Молдова Республикасындағы, Түркменстандағы, Өзбекстан Республикасындағы, Украинадағы Елшіліктердің штат кестесі мен шығыс сметасын анықтасын.

Қазақстан Республикасының
Президенті